



ЭКОНОМИКС

Қоғамдық игіліктер және қоғамдық таңдау теориясы





Дәрістің жоспары:

1. Тауар түрлері және қоғамдық игіліктер, олардың ерекшеліктері.
2. Үкімет сәтсіздігі және қоғамдық таңдау теориясы.

Тауар түрлері және қоғамдық игіліктер, олардың ерекшеліктері

Дәрісіміздің бірінші сұрағында біз сіздерді қазіргі қоғамда тұтынушылардың тұтынатын негізгі тауарларының түрлерімен, әсіресе қоғамдық игіліктер ұғымымен таныстырамыз және осыған байланысты көптеген мысалдар келтіреміз.

Экономикада тауар түрлері негізгі төрт санатқа бөлінеді:

1. Жеке тауар – әрқайсысы жеке-жеке бағаланатын және сатылатын экономикалық игіліктер. Олар тек қана сатып алған тұтынушыларға пайда әкеледі. Жеке тауар өндіру мен тұтыну нарықтық келісімге қатыспайтын үшінші тұлғалар үшін жағымды немесе жағымсыз сыртқы салдар туғызбайды. Мысалы, адам дүкеннен шоколад сатып алса, онда оның пайдалылығын тек сол сатып алған адам ғана көреді. Сондықтан жеке тауар тек нарық жағдайында ғана өндіріледі және тұтынылады. Енді қоғамдық игіліктерге тоқталайық.

2. Қоғамдық игіліктер – барлық тұтынушылар бірге тұтынатын экономикалық игіліктер. Оларды бағалау мүмкін болғанымен, жеке адамдарға сату мүмкін емес. Себебі, таза қоғамдық игіліктерді жеке бір тұтынушы сатып алса, онда сол игіліктің пайдалылығын басқа да тұтынушылар көреді. Мысалы, көп қабатты үйде тұратын адам сол үйдің кіре берісіне өзі үшін шам ілсе, онда ол шамның пайдалылығын сол дәлізде тұратын басқа адамдар және оларға кешкісін келетін қонақтар да тегін көреді. Демек, таза қоғамдық игіліктерді өндіру мен тұтыну жағымды сыртқы әсерлерді туғызады. Мысалы, таза қоғамдық игіліктердің мысалына ұлттық қорғаныс, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және басқа да барлық адамдарға ортақ игіліктерді жатқыза аламыз. Бұдан басқа көптеген мысалдар келтіруге болады. Қоғамдық игіліктер туралы түсінікті біз сұрақтың соңында толығырақ қарастырамыз. Келесі түріне тоқталайық.

3. Ортақ ресурстар – тұтытуда бір-біріне бәсеке нысаны бола алатын, бірақ ерекше игілік ретінде саналмайтын игіліктер. Мәселен, бір адам балық ауласа, онда келесі адам үшін балық азырақ болады. Дегенмен балық ерекше тауар емес, себебі, мұхиттардың орасан зор көлемін ескере отырып, балықшыларға балық аулауға тыйым салу қиын. Басқа да мысалдар келтіруге болады. Келесі игіліктің түрі. Ол қандай екен?

4. Клубтық (топтық) тауар – тұтытуда бір-біріне бәсеке нысаны бола алмайтын, бірақ тұтытуда ерекше игілік болатын тауарлар. Тауардың бұл түрі көбінесе табиғи монополия жағдайларында өндіріледі және тұтынылады. Бұл тауардың ерекшелігін түсіндіру үшін «Экономикс» оқулығынан мысал келтіреміз. Мәселен, шағын қаладағы өрт сөндіру қызметі. Адамдар бұл тауарды төлеуден бас тартқанда оларды бұл тауарды пайдаланудан оңай шегеріп тастауға болады: өрт сөндіру қызметі олардың үйін өрттен қорғамауы мүмкін. Бірақ өрт сөндіру қызметі тұтытуда бәсеке тудырмайды. Өрт сөндірушілер көп уақыттарын өртті күтумен өткізеді, сондықтан қосымша үйдің өртке қарсы қорғанысы басқаларға қол жетімді өрт сөндіру қызметін төмендетпейді, яғни қала тұрғындары өртке қарсы қызмет ақысын төлегеннен кейін қосымша үйдің қорғаныс құны шамалы болады.

Сонымен, біз игіліктердің осындай түрлері болатындығын сіздерге түсіндірдік. Біз қоғамдық игіліктерді әріқарай қарастырамыз.

Қоғамдық игіліктердің бірқатар ерекшеліктері бар:

- қоғамдық игіліктер бәріне ортақ болғандықтан, оларды тұтырудан ешкімді ажыратып тастау мүмкін емес. Таза қоғамдық игіліктерді тұтынғаны үшін ақы төлегісі келмеген адамдарды тұтынушылардың қатарынан шығарып жіберуге болмайды. Таза қоғамдық игіліктерді жеке-жеке бағалап сату мүмкін болмағандықтан, оларды тегін тұтынатын адамдарды анықтау және тұтырудан ажырату өте қымбатқа түседі;



- таза қоғамдық игіліктерді тұтынуда бәсекенің болмауы. Таза қоғамдық игіліктер барлық тұтынушыларға ортақ болып табылады. Оларды тұтынудың деңгейі тұтынушылардың санына байланысты болмайды. Қосымша тұтынушылардың пайда болуы сол игіліктерді тұтынудың деңгейін төмендетпейді. Қосымша тұтынушының қажеттілігін қанағаттандыру үшін өндірілген таза қоғамдық игіліктердің шекті шығындары нөлге тең болады. Таза жеке игіліктерге қарағанда таза қоғамдық игіліктерді тұтыну кезінде тұтынушылар арасында бәсекелестік туындамайды;
- таза қоғамдық игіліктерді өндіру және тұтыну жағымды сыртқы әсерлерді туғызады. Егер таза қоғамдық игіліктер бір адам үшін өндірілсе, онда оның пайдалылығын басқа да адамдар көреді. Сондықтан да алдыңғы тақырыптарда аталғандай, таза қоғамдық игіліктердің ұсынысы тиімді деңгейден төмен болады.

Көптеген игіліктер барлық тұтынушыларға ортақ болғанымен оларды таза қоғамдық игіліктерге жатқызуға болмайды. Мысалы, тұрғындар зейнетақылар алады, жұмыссыздар жәрдемақы алады, балалар мектепке тегін барады, қаланың көшесіндегі жолдармен барлық халық жүреді. Соған қарамастан, оларды көп жағдайда жеке бағалай отырып, тұтынушылардан ақы алуға болады. Кейбір жағдайларда тұтынушылар санының өсуі олардың арасында бәсеке де туғызады. Мысалы, жолда жүретін көліктердің саны өскен сайын жол қатынасы қиындайды, жолдарды кеңейту мәселесі пайда болады, көптеген балалар ақылы мектептерге барады, жол салығы, көлік салығы арқылы үшінші адамдардың тегін пайдалылық алуына кедергі қоюға болады. Осындай игіліктерді үкімет ұсынатын игіліктер деп атайды.

Үкімет ұсынатын игіліктер бір нақты тұтыну деңгейіне дейін тұтынушыны таңдамайды, бірақ, жаңа тұтынушылардың саны көбейген сайын бұрынғы тұтынушылардың тұтыну деңгейлері төмендей бастайды. Мұндай игіліктерді шегінен шыққан игіліктер деп атайды. Кейбір игіліктерді тұтынудан ешкімді ажырата алмағанмен, қосымша тұтынушыларды анықтау және оларды ақы төлеуге мәжбүр ету немесе тұтыну мүмкіншілігінен ажырату қиын болмайды. Осындай игіліктерді жеке фирмалар да өндіріп, нарықта сата алады. Демек, үкімет ұсынатын игіліктерді аралық игіліктер деп атауға болады. Оларға таза қоғамдық игіліктер мен таза жеке игіліктердің ерекшеліктері ортақ болып табылады.

Билетсіздер мәселесі деген ұғым бар. Оны қалай түсінуге болады?

Қоғамдық игіліктерді тұтыну ұжымдық тұрғыдан жүзеге асады, бірақ бұл тұтынудан алынатын жеке пайдалылықтар әртүрлі болып табылады. Егер қоғамдық игіліктерді бір мезгілде барлық адамдар толығымен тұтынатын болса, онда оны тұтынғанына ақы төлемеген адамдарды ажырату мүмкін емес. Ақы төлемеген адамдарды анықтау өте қиын болғандықтан, көптеген адамдар таза қоғамдық игіліктерді тегін тұтынуға ынталы болады. Орын алатын осындай жағдайларды билетсіздер мәселесі деп атайды. Билетсіздер мәселесі көп жағдайда тұтынушылардың аз топтарынан гөрі үлкен топтарда пайда болды, яғни тұтынушылардың саны өскен сайын ақы төлеу туралы қажетті ақпарат алу мүмкіндігі қиындайды. Билетсіздер мәселесінің туындауы нәтижесінде таза қоғамдық игіліктерді өндіру тиімділігі төмендейді. Нарық мұндай мәселені шеше алмайды, яғни нарық бұл жерде «фиаскоға» (сәтсіздікке) ұшырайды. Нарықтың «сәтсіздіктерін» жоюға мемлекет көмектеседі.

Билетсіздер мәселесінің жарқын мысалын «Экономикс» оқулығының осы тақырыпқа қатысты беттерінен оқып алуға болады.

Жеке тауарға қарағанда қоғамдық игіліктерді жеке-жеке бағалап, сатуға мүмкіндік болмайды. Олардың сұраныс көлемі баға деңгейіне байланысты болмайды. Қоғамдық игіліктердің жекелеген бірліктеріне баға белгілеу мүмкін болмағандықтан оларға деген жалпы сұраныс ерекше түрде болады. Бұл жағдайда баға өзгермелі шама болып табылмайды. Сондықтан қоғамдық игіліктерге деген сұраныс қисығы сол таза қоғамдық игіліктердің қолдағы барлық көлемінің шекті пайдалылығын бейнелейді. Барлық тұтынушылар ұсынылатын қоғамдық игіліктердің көлемін тұтастай тұтынуы қажет. Жеке тауарға деген жалпы сұранысқа қарағанда (ол жеке сұраныс қисықтарын көлденең қосу арқылы алынады) қоғамдық игіліктерге деген



жалпы сұраныс жеке шекті пайдалылықтарды тігінен қосу жолымен анықталады. Ол үшін «Экономикс» оқулығының осы тақырып бойынша берілген сызбасынан тамашалай аламыз.

Қоғамдық игіліктің бағасы әрбір тұтынушының төлейтін бағаларының қосындысымен анықталады. Экономикалық ресурстарды тиімді қолдану үшін таза қоғамдық игіліктерді тұтынудан алатын шекті пайдалылық оларды өндіруге кететін шекті шығынға тең болу қажет.

Үкімет сәтсіздігі және қоғамдық таңдау теориясы

Бұл сұрақты қарастырғанда біз келесі мәселелерді талқылауға тырысамыз. Үкімет нарық сәтсіздікке ұшыраған салаларға көмекке келеді. Бірақ үкіметтің шешім қабылдау механизмі қандай? Қоғамның қалауы мен ұжымның таңдауы қалай жүзеге асырылады? Міне, осындай сұрақтарға қоғамдық таңдау теориясы жауап береді. Қоғамдық таңдау теориясы дегеніміз не сонда?

Қоғамдық таңдау теориясы – саяси және экономикалық құбылыстардың өзара байланыстылығын зерттеу. Бұл теорияның шеңберінде саясаткерлердің экономикалық шешімдер қабылдау механизмі зерттеледі. Қоғамдық таңдау теориясының қарастыратын сипатты мәселелері – мемлекеттік қаржылар, сайлау процедуралары, үкіметтік шешім қабылдау үрдістері, әртүрлі қысым жасау топтарының іс-әрекеттері және т.б.

Қоғамдық таңдау теориясының саяси процесстерге деген көзқарасының ерекшелігі мынада, яғни адамның жеке мүддесі күнделікті өмірде де, бизнесте де және қоғамдық өмірде де негізге мотив ретінде қарастырылады. Қоғамның қабылдайтын кез келген шешімдері дауыс берушілердің экономикалық бағалауына байланысты болып келеді. Үкіметтік ұйымдардың қабылдайтын маңызды шешімдері қоғамдық игіліктерді өндірумен байланысты.

Демократия жағдайында ресми тұлға арқылы өздерінің экономикалық мүдделерін жақсы ұйымдастырылған қысым көрсету топтарының немесе лоббилердің жүзеге асыруына жақсы мүмкіндіктері бар. Бұлар фермерлер ұйымы, күшті салалық кәсіподақтар, әскери-өнеркәсіптік кешендер және т.б. болуы мүмкін. Мұндай жағдайда лоббизм құбылысы туындайды. Лоббизм дегеніміз не?

Лоббизм – белгілі бір топтардың белгілі бір мүдделері бойынша үкіметке қысым жасау әрекеттері.

Қоғамдық таңдау теориясында уәкілетті демократия жағдайында шешім қабылдау үрдісі нарықтық келісімнің немесе сауда-саттықтың бір түрі ретінде қарастырылады: «Сіз маған сайлауда дауыс жинайсыз – мен сіздің мүдделеріңізді қанағаттандыратын нақты үкіметтік бағдарламаларды орындауға уәде беремін». Лоббистер ерекше нәрсе, саяси рентаны іздеу дегенмен айналысады. Саяси рентаны іздеу адамдарға не үшін керек?

Саяси рента – саяси институттар арқылы экономикалық рента алудың жолы.

Жоғарыда айтылған мүдделерді орындау туралы заң шығарушылар үкіметтік шешімдер қабылдағанда ғана сол қысым көрсету топтары саяси рентаға ие болады.

Уәкілетті демократия жағдайында «логроллинг» деген ұғым кең тараған. Бұл ұғымды да түсініп алуымыз керек.

Логроллинг – бұл дауыс берумен саудаласу, яғни бір индивид (топ, партия) өз мүддесіне байланысты белгілі бір мәселе бойынша басқа бір индивидті (басқа топты, партияны) қолдаймын деп уәде беруі.

Қоғамдық таңдау теориясында негізгі бағыттың бірі ретінде экономикалық талдаудың әдістерін қолдану арқылы саяси таңдаулардың модельдерін қарастыру болып табылады. Саяси сайлаулардың, яғни таңдаулардың әртүрлі модельдері бар: екіпартиялы, көппартиялы, демократиялық, тоталитарлық және т.б.

Сонымен, мемлекеттік реттеуді белгілі бір шеңберлерде ғана жүзеге асыру қажет. Ал ол шеңберлер тұтастай нарық фиаскосының масштабтарымен және нақты экономикалық жағдайлармен өлшенеді. Әділ мемлекеттік реттеу нарықтық механизм мүлдем орындай алмайтын «сәтсіздіктерді» жоюға мүмкіндік береді.

Бірақ мынаны атап өткен маңызды, яғни, мемлекет нарықтың сәтсіздіктерін жойған кезде барлық мәселелер өз шешімін табады деп ешкім де айта алмайды. Мұндайда үкімет сәтсіздігі



орын алады, яғни бұл жағдайды біз мемлекеттік реттеудің нәтижесінде ресурстардың тиімсіз бөлінуі деп түсінеміз және бұл құбылысты біз әрі қарай толығырақ қарастыруға тырысамыз. Сонымен, оның мәні мынадай:

Үкімет сәтсіздігі – саяси билік және стимулдар шешім қабылдауда экономикалық тиімділіктерге қарама-қайшы кері әсер ететін мүмкін жағдайлар мәселесі. Қоғамдық таңдау теориясын жақтаушылар экономикалық себептерге байланысты халықтың жекелеген топтары арасында саяси теңсіздіктердің бар екендігі туралы, яғни үкімет сәтсіздігі туралы қорытындыға келеді. Мемлекеттік реттеудің сәтсіздіктерінің аса маңызды себептері болады. Солардың бірқатарына тоқталып өтейік.

1. Шекті шығындар мен шекті табыстардың арасындағы пропорциялардың бұзылуы, яғни бұл бұзылыс қоғамдық көзқарас тұрғысынан тиімсіз экономикалық шешім қабылдауға немесе үкіметтің сәтсіздігіне алып келуі мүмкін.

2. Ақпарат алудағы теңсіздік те сол жағымсыз құбылысқа апарып соқтырады. Табысы жоғары адамдарды, жақсы ұйымдастырылған лоббисттік топтарды жақсы ақпараттандырылған тұлғаларға жатқызуға болады. Сәйкесінше, олар саяси рентаны таба отырып өз пайдаларын максималдайды. Ақпарат алудағы теңсіздік уәкілетті демократия жүйесіндегі феноменмен де байланысты және ол білімсіздіктің рационал әсері деген атқа ие болды. Бұл термин индивидтердің сайлауларға және дауыс берулерге қатысудан шет қалу дегенді білдіреді, бұл алшақтау олардың табыстарының сайлауға қатысумен байланысты шығындарынан төмен болғанда орын алады. Айталық, үкіметтің шешімін бағалау қажет, ол шешімді өмірге келтіруден тұтас қоғам пайда көреді, бұл жерде тұрғындардың жекелеген топтары бұл шешімнен ұтылулары мүмкін (мысалы, белгілі бір салаға субсидия беруді жою). Бірақ бұл шарадан әрбір жеке сайлаушы аз пайда көреді (жалпы пайда барлық тұрғындардың арасында бөлінеді). Мұндай жағдайларда дауыс берушілер немқұрайдылық танытады, мұны, көпшілікке – рационалды ескермеушілік деп атайды, бірақ өзара бірікпеген адамдар үшін осы жоба туралы жиналудың және ақпараттарды бағалаудың, титімдей пайда үшін лоббисттік топтар құрудың мәнісі жоқ. Ал субсидияны жоюдан зардап шегетін басқа топтар керісінше, бірігіп, қысым көрсету топтарын (аграрлық лобби, қорғаныстық лобби, т.б.) құра бастайды.

3. Мемлекеттік шенеуніктердің (мемлекеттік бюрократияның) әділетсіздіктері, олар өз мүддесін жақтай отырып, келесі сайлауларда неғұрлым көп жинауға тырысады және олар осы мақсаттарына жету үшін экономикалық тиімділікке сәйкес келмейтін шешімдер қабылдайды. Бұдан басқа, саяси қызметкерлер барлық адамдар сияқты өзінің жеке мүдделерін ойлайды, және осы мүдделері белгілі бір уақытта мемлекеттік лауазым сезімінен де асып түсуі мүмкін.

4. Уақыттың сәйкессіздігі. Кез келген шешімдер арасындағы уақыт алшақтығын да үкіметтің сәтсіздігіне апаратын жол деп айтуға болады. Мысалы, сайлау алдында саясаткер әлеуметтік шығындарды көбейтуге, салықтарды төмендетуге және басқа да қоғамның мүддесіне сай шараларды орындауға уәдесін береді де, дауыс берушілердің арқасында қолдау табады да сайлаудан кейін жанағы айтқан уәделері кейінге қалдырылып жатады немесе халықтың әлауқатын төмендетуге әкелетін мүлдем қарама-қарсы шешімдер қабылдауы мүмкін. Сонымен, уақыттың сәйкессіздігі деп біз үкіметтік көзқарас тұрғысынан бүгінгі тиімді шаралар болашақта тиімсіз болып қалуы мүмкін деп түсінеміз, әсіресе экономикалық агенттер өз мақсаттарына жеткеннен кейін айтылған сайлауалды уәделерінің ізі суығаннан кейін бұл шаралар тиімсіз болып қала береді.

5. Күтпеген жағдайлардың орын алу заңы. Оның мәні мынада, яғни белгілі бір шараны жүзеге асырғанда күтілген нәтиже болмай қалуы мүмкін. Нарықтың әрекетін жақсартуға ұмтылудың қарама-қарсы біз күтпеген нәтижелерге әкелуі мүмкін. Мысалы, мемлекет спекуляциямен күресу мақсатында азық-түлік тауарларына тұрақты баға бекітеді. Бірақ бұл шараның нәтижесінде тауар тапшылығы, көлеңкелі экономика шарықтауы, күтім және басқа да сияқты проблемалар орын алуы мүмкін.

Осындай мәселелерді шешуде қоғамдық таңдау теориясын жақтаушылар нарықтық үрдістердің еркін дамығанын қалайды, бірақ олар нарықтық механизмнің кемшіліктерін жоюға қабілетті мемлекеттің де оң рөлін жасырмайды.



Түйін

Экономикада тауарлар мен ресурстардың негізгі санаттары болады. Әрқайсысы жеке-жеке бағаланатын және сатылатын экономикалық игіліктерді жеке тауар деп атайды. Барлық тұтынушылар бірге тұтынатын экономикалық игіліктерді қоғамдық игіліктер деп атайды. Қоғамдық игіліктерді өндіру мен тұтыну жағымды сыртқы әсерлерді туғызады. Мысалы, ұлттық қорғаныс, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және басқа да барлық адамдарға ортақ игіліктер – таза қоғамдық игіліктер болып табылады. Ортақ ресурстар – тұтынуда бір-біріне бәсеке нысаны бола алатын, бірақ ерекше игілік ретінде саналмайтын игіліктер. Клубтық (топтық) тауар – тұтынуда бір-біріне бәсеке нысаны бола алмайтын, бірақ тұтынуда ерекше игілік болатын тауарлар. Тауардың бұл түрі көбінесе табиғи монополия жағдайларында өндіріледі және тұтынылады.

Таза қоғамдық игіліктің бағасы әрбір тұтынушының төлейтін бағаларының қосындысымен анықталады. Экономикалық ресурстарды тиімді қолдану үшін таза қоғамдық игіліктерді тұтынудан алатын шекті пайдалылық оларды өндіруге кететін шекті шығынға тең болу қажет.

Таза қоғамдық игіліктерді тегін тұтынудан «билетсіздер» немесе «қояндар» мәселесі туындайды. Билетсіздік мәселесінің туындауы нәтижесінде таза қоғамдық игіліктерді өндіру тиімділігі төмендейді. Мұндай жағдайда нарық «фиаскоға» (сәтсіздікке) ұшырайды.

Қоғамдық таңдау теориясы – саяси және экономикалық құбылыстардың өзара байланыстылығын зерттеу. Бұл теорияның шеңберінде саясаткерлердің экономикалық шешімдер қабылдау механизмі зерттеледі. Қоғамдық таңдау теориясының қарастыратын сипатты мәселелері – мемлекеттік қаржылар, сайлау процедуралары, үкіметтік шешім қабылдау үрдістері, әртүрлі қысым жасау топтарының іс-әрекеттері және т.б.

Үкіметтік ұйымдардың қабылдайтын маңызды шешімдері қоғамдық игіліктерді өндірумен байланысты. Саяси шешімдер қабылдау үрдісі тікелей және уәкілетті демократия тұрғысынан жүзеге асырылады.

Лоббизм – белгілі бір топтардың өздерінің мүдделері бойынша үкіметке қысым жасау әрекеттері. Осыған баланысты, лоббистер саяси рентаны іздеумен айналысады. Саяси рента – саяси институттар арқылы экономикалық рента алудың жолы. Уәкілетті демократия жағдайында «логроллинг» деген ұғым кең тараған. Логроллинг – дауыс берумен саудаласу, яғни бір индивид (топ, партия) өз мүддесіне байланысты белгілі бір мәселе бойынша басқа бір индивидті (басқа топты, партияны) қолдаймын деп уәде беруі.

Мемлекет нарықтың сәтсіздіктерін жою кезінде барлық мәселелер өз шешімін таппауы мүмкін. Мұндай жағдайда үкімет сәтсіздігі (мемлекеттік реттеудің сәтсіздіктері) орын алады – мемлекеттік реттеудің нәтижесінде ресурстардың тиімсіз бөлінуі. Әртүрлі экономикалық себептерге байланысты халықтың жекелеген топтары арасында саяси теңсіздіктердің бар болуынан үкімет сәтсіздігі туралы мәселелер туындайды.

Шолу сұрақтары:

1. Экономикалық талдауда тауарлардың қандай түрлері болады?
2. Қоғамдық игіліктердің ерекшеліктері қандай?
3. Билетсіздер мәселесі қалай орын алады?
4. Қоғамдық игіліктерді ұсынудың оңтайлы шамасын және оның сұранысын қалай анықтауға болады?
5. Қоғамдық таңдау теориясы нені зерттейді?
6. Лоббизм, логроллинг және саяси рента ұғымдары нені білдіреді?
7. Нарық сәтсіздіктерін үкімет қалай шешеді?
8. Нарық сәтсіздігі мен үкімет сәтсіздігі арасында қандай айырмашылық бар?
9. Үкімет сәтсіздігінің себептері неден туындайды?



Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Ғабит Ж.Х., Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Микроэкономика: экономикалық мамандықтарға арналған оқулық / – ҚР Жоғары оқу орындарының қауымдастығы. – 2-ші бас., өңдел. және толық. – Алматы: Print-S, 2012 ж. 15-тақырып.
2. Микроэкономика. Құдайбергенова К.С. Оқу құралы. – Көкшетау: 2009. 14-тақырып.
3. Бекжанова Г.Е. Микроэкономика: Оқулық / Г.Е. Бекжанова – Алматы: Экономика, 2014. 14-тарау.
4. Тарануха Ю.В. Микроэкономика: Учебник для студентов вузов, обучающихся по экономическим специальностям. 3-е издание. М.: Изд-во «Дело и Сервис», 2013. Глава 15.
5. Нуреев Р. М. Курс микроэкономики: Учебник / Р.М. Нуреев. – 3-е изд., испр. и доп. – М.: ИНФРА-М, 2014. Главы 13, 14.
6. Вечканов Г.С., Вечканова Г.Р. Микроэкономика. 4-е издание. Спб.: Питер, 2012. Главы 13, 15.